

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 447 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаражатын орталықтандыру мәселесін жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 42, 455-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жарна төлеушілер Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына жарналарды аударуға арналған бір төлем тапсырмасын қызмет көрсетуші банкке жалақы төлеу үшін белгіленген мерзімде, бірақ келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей міндетті түрде табыс етеді. Бұл орайда төлеуші облыс деңгейіндегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік Бюджеттік банкінің облыстық басқармаларына (Алматы қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларына ашылған N 000829K00 жинау шотын көрсетеді, ал алушы ретінде төлемші тіркелген аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімшесі мен осы ауданның еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТН) көрсетуі керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінің облыстық басқармасы тиісті (жинау) шотқа келіп түскен сақтандыру жарналарынан 70 процент мөлшерінде күн сайынғы аударымды - облыстық (Алматы қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының қаражатты есептеу жөніндегі шотына және Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінде ашылған Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының N 000829708 МФО 19000501008 орталықтандырылған шотына 30 процент мөлшерінде аударуды қамтамасыз етеді.

Жарналардың төленуін бақылауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан

Республикасы мемлекеттік Бюджеттік банкінің облыстық басқармалары аудандар бойынша қабылданған төлемдердің тізілімін жасайды."

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорымен есеп айырысу жөніндегі елеулі кемшіліктер мен қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 5 қазандағы N 1306 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 32, 403-құжат) 3-тармағы;

"Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаржы жиналуын жақсарту және зейнетақылар мен жәрдемақылардың төленуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 қарашадағы N 1600 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж ., N 36, 467-құжат) 5-тармағы.

3. Осы қаулы 1997 жылдың 10 сәуірінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі